# «ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ №5 ХАТТАМАСЫ

**Астана қ.** **«28» қантар 2026 жыл**

**Отырыс форматы:** онлайн/оффлайн
**Отырыс басталуы:** 15:00
**Қосылуға сілтеме:** https://us06web.zoom.us/j/86904531213?pwd=ZPNcN9fJbw0hGBoACfHgg4XCYVIBZR.1
**Отырыс материалдарына сілтеме:** https://amu.edu.kz/ru/about-university/umo/materialy-zasedaniy-umo/
**Қатысқандар:**
1. ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова
2. ОӘБ төраға орынбасары Б.С.Имашева
3. ОӘБ мүшесі, «АстМУ» КеАҚ проректоры А.К. Досанова
4. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмагамбетова
5. ОӘБ мүшесі, «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Білім мен дағдыны бағалау бөлімінің басшысы К.К. Досмамбетова
6. ОӘБ мүшесі, Стоматологиялық бейіндегі бағдарламалар жобаларын басқару тобының төрағасы В.Р.Деточкина
7. ОӘБ хатшысы А.М. Текебаева

Мүшелер: Оқу-әдістемелік бірлестіктің 55 мүшесі (нысан-Google Forms/QR кодының нәтижелері қоса беріледі)

## КҮН ТӘРТІБІ

1. Бейіндік интернатура түлектерін оқыту нәтижелерін және тәуелсіз емтиханның техникалық ерекшеліктерін талқылау, бекіту – баяндамашы Жоғары білім беру секциясының төрайымы А.К. Досанова.
2. «Назарбаев Университеті» мен «Астана медицина университеті» КеАҚ және «Семей медицина университеті» КеАҚ-ның өзара іс-қимылы шеңберінде Қазақстан Республикасы дәрігерлерін даярлаудың білім беру бағдарламаларына кандидаттарды іріктеу жөніндегі пилоттық жобаның орындалу барысы туралы ақпарат – баяндамашылар: «Назарбаев Университеті» медициналық білім жөніндегі вице-деканның м.а. Мэтью Танко және медицина кеңсесінің менеджері С. Шакенова, «Астана медицина университеті» КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры А.К. Досанова, «Семей медицина университеті» КеАҚ академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Ж.Қ. Смаилова.
3. Медициналық жоғары оқу орындарының ПОҚ педагогикалық құзыреттері және ЖПД бойынша біліктілікті арттыру жылын өткізу қорытындылары – баяндамашы Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаменті медициналық білім басқармасының бастығы Д.Д. Отаргалиева.
4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медицина кадрларын даярлаудың моделін іске асыру бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу – баяндамашы ОӘБ төраға орынбасары Имашева Б.С.
5. Әр түрлі

5.1. Сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту: «Спорт медицинасы», 720 ак.сағат/24 кредит, әзірлеуші «Астана медицина университеті» КеАҚ – баяндамашы Қосымша және бейресми білім беру секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева.

5.2. Оқу құралы бекіту туралы - баяндамашы Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаментінің директоры, Мұрат Әсел:

- Бариатриялық операция нәтижелерін бағалау әдісі: оқу құралы /Джексенова А.М. - Астана, 2026 - 99 б.
- Хирургическая тактика при сочетанном и осложненном эхинококкозе: оқу құралы /Тұрсынбаев Н.Н. -Астана, 2026 - 99с.
- Псориаз: оқу құралы / Г.Р. Батпенова, Л.С. Круглова, Г.З. Туир. - Астана, 2026 - 310 б.

**1-сұрақ.**
***Бейіндік интернатура түлектерін оқыту нәтижелерін және тәуелсіз емтиханның техникалық ерекшеліктерін талқылау, бекіту.***

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Бейіндік интернатура түлектерін оқыту нәтижелерін және тәуелсіз емтиханның техникалық ерекшеліктерін талқылау, бекіту бойынша Жоғары білім беру секциясының төрайымы А.Қ.Досанова баяндады (презентация қоса беріледі).

**ТҮСІНІКТЕМЕ:**

*«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмагамбетова:* бейіндік интернатураның 6 мамандығы бойынша кәсіптік стандарттарда еңбек функцияларын сипаттау кезінде оқытудың әзірленген нәтижелерін қолдану қажеттілігі және мамандыққа көшу кезінде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу негізінде оларды қолдану мүмкіндігі туралы.

*«АМУ» КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры А.Қ. Досанова:* дәрігер-интерн деңгейіндегі бейінді интернатура мамандықтары бойынша кәсіптік стандарттарға даярлау туралы.

*«Отбасылық медицина» комитетінің төрайымы Т.Ө. Әбуғалиева:* «ЖПД» мамандығы бойынша бейінді интернатура түлектерінің техникалық ерекшеліктерін кейс-тестингте септикалық шок сұрақтары алынып тасталсын және жіті инфекциялық аурулар кезінде медициналық көмек көрсетуге МСАК деңгейінде - (БЖАЫҚ бойынша) қосылсын.

**ШЕШІЛДІ:**

1. Бейіндік интернатура түлектері үшін оқыту нәтижелері және техникалық ерекшелігі бекітілсін.
2. Бейіндік интернатура түлектеріне арналған сұрақтардың жалпы саны - 160, оның ішінде білімді бағалау бойынша 150 тест сұрақтары (MCQ A, F типті) және дағдыларды бағалау бойынша 10 тест сұрақтары белгіленсін.
3. Білімді бағалау бойынша шекті деңгей - барлық білім беру бағдарламалары бойынша 50% белгіленсін.
4. ҰТЕО интернатура түлектері үшін білімді тәуелсіз бағалаудың тест тапсырмаларын сынақтан өтеусіз негізде өткізсін.

**Онлайн дауыс беру нәтижелері:**
«келісті» - **52 дауыс**
«қарсы» - жоқ

«қалыс қалды»- 1 дауыс

**2-сұрақ.**
***«Назарбаев Университеті» мен «Астана медицина университеті» КеАҚ және «Семей медицина университеті» КеАҚ-ның өзара іс-қимылы шеңберінде Қазақстан Республикасы дәрігерлерін даярлаудың білім беру бағдарламаларына кандидаттарды іріктеу жөніндегі пилоттық жобаның орындалу барысы туралы ақпарат.***

**ТЫҢДАЛДЫ:**
«Назарбаев Университеті» мен «Астана медицина университеті» КеАҚ және «Семей медицина университеті» КеАҚ-ның өзара іс-қимылы шеңберінде Қазақстан Республикасы дәрігерлерін даярлаудың білім беру бағдарламаларына кандидаттарды іріктеу жөніндегі пилоттық жобаның орындалу барысы туралы сөз сөйледі «Назарбаев Университеті» медициналық білім жөніндегі вице-деканның м.а. Мэтью Танко және медицина кеңсесінің менеджері С. Шакенова, «Астана медицина университеті» КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры А.Қ. Досанова, «Семей медицина университеті» КеАҚ академиялық және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Ж.Қ. Смаилова (презентация қоса беріледі).

**ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:**
*ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, «АМУ» КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры А.Қ. Досанова, ҰТЕО Білім мен дағдыларды бағалау басқармасының басшысы К.К. Досмамбетова.*

**ШЕШІЛДІ:**
1. Пилоттық жобаның орындалу барысы туралы ақпаратты қабылдау.
2. Назарбаев Университеті Медицина мектебінің пилоттық бағдарламасын іске асыру жөніндегі келесі кезеңді іске асыруға кірісу.

**Онлайн дауыс беру нәтижелері:**
«келісті» - **52 дауыс**
«қарсы» - жоқ
«қалыс қалды»- 1 дауыс

**3-сұрақ.**
***Медициналық жоғары оқу орындарының ПОҚ педагогикалық құзыреттері және ЖПД бойынша біліктілікті арттыру жылын өткізу қорытындылары.***

**ТЫҢДАЛДЫ:**
Медициналық жоғары оқу орындарының ПОҚ педагогикалық құзыреттері және ЖПД бойынша біліктілікті арттыру жылын өткізу қорытындылары туралы Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының Медициналық білім және ғылым департаменті медициналық білім басқармасының бастығы Д.Д. Отаргалиева баяндады (презентация қоса беріледі).

**ТҮСІНІКТЕМЕ:**
*«University Medical Center» корпоративтік қоры, Ғылым және білім департаментінің директоры А.А. Сыздыкова:* медициналық жоғары оқу орындарының ПОҚ педагогикалық

құзыреттерінің ББ модульдерін әзірлеу кезінде әзірлеушілерді, резенценттерді, оқытушыларды айқындаудың маңыздылығы туралы.

*ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова:* өткізілген оқытуға терең талдау жүргізу, ЖПД бойынша біліктілікті арттыру нәтижелілігіне бағытталған шаралар қабылдау қажеттілігі туралы. Денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары ҰҒДСДО-дан әзірленген ұсынымдарды, біліктілікті арттыру кезінде оқытуды жақсарту жөніндегі жолдар мен шараларды алуы - ҰҒДСДО-ға сұрау салуды дайындауы қажет.

*«Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» РҚБ Жоғары Алқалы Кеңестің Мүшесі Р.С.Досмагамбетова:* оқыту нәтижелілігін арттыру, біліктілікті арттыру барысында алынған білімнің өмір сүруін арттыру жөнінде шаралар қабылдау қажеттілігі туралы.

**4-сұрақ.**

***Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медицина кадрларын даярлаудың моделін іске асыру бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу.***

**ТЫҢДАЛДЫ:**

ОӘБ төраға орынбасары Б.С. Имашева жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша медицина кадрларын даярлаудың моделін іске асыру бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ақпарат берді (презентация қоса беріледі).

**ТАЛҚЫЛАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:**

*ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова, «АМУ» КеАҚ академиялық жұмыс жөніндегі проректоры А.Қ. Досанова, «Қараганды медицина университеті» КеАҚ академиялық жұмыс бойынша проректоры Ж.А. Даулеткалиева, «С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ Оқу ісі жөніндегі проректоры Ж.А. Калматаева, «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректоры М.Ұ. Анартаева.*

**ТҮСІНІКТЕМЕ:**

*ОӘБ төрағасы А.А. Турмухамбетова:* ЖОО ректорлары деңгейінде квоталау, өткізу қабілеті, оқу құнын қалыптастыру әдістемесі бойынша НҚА-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талқылау қажеттігі туралы, өйткені ұйым басшыларының басқарушылық шешімдерін талап етеді. Талқылауға тәуекелдерді есептеу үшін қаржы басшыларын тарту керек.

**5- Әр түрлі.**

***5.1. Сертификаттау курстарының білім беру бағдарламаларын бекіту: «Спорт медицинасы», 720 ак.сағат/24 кредит, әзірлеуші «Астана медицина университеті» КеАҚ.***

**ТЫҢДАЛДЫ:**

Қосымша және бейресми білім беру секциясының төрағасы А.А. Сұлтанғазиева білім беру бағдарламаларын бекітуге ұсынды: «Спорт медицинасы», 720 ак.сағат/24 кредит, әзірлеуші «Астана медицина университеті» КеАҚ (презентация қоса беріледі).

**ШЕШІЛДІ:**

1. Денсаулық сақтау саласындағы сертификаттау курсы бойынша білім беру бағдарлама - «Спорт медицинасы», 720 ак.сағат/24 кредит, әзірлеуші «Астана медицина университеті» КеАҚ бекітілсін.

2. Сертификаттау курсының білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге арналған Каталог АЖ-не орналастыру. **Орындалу мерзімі - 2026 жылдың 5 ақпанға дейін.**

**Онлайн дауыс беру нәтижелері:**
«келісті» - **48 дауыс**
«қарсы» - жоқ
«қалыс қалды»- жоқ

***5.2. Оқу құралдарды бекіту***

**ТЫҢДАЛДЫ:**
С.Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығының медициналық білім және ғылым бөлімінің меңгерушісі Мурат Асель баяндады (презентация қоса беріледі). Бекітуге келесі оқулықтар ұсынылды:

5.2.1. Бариатриялық операция нәтижелерін бағалау әдісі: оқу құралы /Джексенова А.М. - Астана, 2026 - 99 б.

5.2.2. Хирургическая тактика при сочетанном и осложненном эхинококкозе: оқу құралы /Тұрсынбаев Н.Н. -Астана, 2026 - 99с.

5.2.3. Псориаз: оқу құралы / Г.Р. Батпенова, Л.С. Круглова, Г.З. Туир.- Астана, 2026-310 б.

**ШЕШІЛДІ:**
Оқу құралдар бекітілсін:

5.2.1. Бариатриялық операция нәтижелерін бағалау әдісі: оқу құралы /Джексенова А.М. - Астана, 2026 - 99 б.

5.2.2. Хирургическая тактика при сочетанном и осложненном эхинококкозе: оқу құралы /Тұрсынбаев Н.Н. -Астана, 2026 - 99с.

5.2.3. Псориаз: оқу құралы / Г.Р. Батпенова, Л.С. Круглова, Г.З. Туир.- Астана, 2026- 310 б.

Баспаханалық әдіспен шығарылған басылымдар бекітілгеннен кейін бір айдан соң РОӘК ОӘБ-іне жіберілсін.

**Онлайн дауыс беру нәтижелері:**
«келісті» - **45 дауыс**
«қарсы» - жоқ
«қалыс қалды» - жоқ.

**РОӘК ОӘБ төрағасы** **А.А. Турмухамбетова**

**Хатшы** **А.М. Текебаева**